

**Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**

ӘОЖ 894. 342-7

Колжазба құқығында

**ИМАШЕВ БАЛҒЫНБЕК ҚАЛИҰЛЫ**

**Айтыстағы сатира мен юмор**

10.01.02. казак әдебиеті

Филология ғылымының кандидаты  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші  
ҚР ҮҒА-ның академигі,  
филология ғылымының докторы,  
профессор Р. Н. Нұрғали

Қазақстан Республикасы  
Астана, 2006

## **МАЗМҰНЫ**

<b>Кіріспе.....</b>	<b>3</b>
<b>1 Сатира мен юмордың көне айтыс үлгілеріндегі көрінісі</b>	
1.1 Бәдік және әу-жар айтысы.....	8
1.2 Өтірік өлең және мысал айтыс.....	25
<b>2 Ақындар айтысындағы әзіл-әжуа</b>	
2.1 Қара өлең айтысу және қағысулар.....	41
2.2 Кенес дәуіріндегі айтыстар.....	67
<b>3 Жаңа заман айтыстары</b>	
3.1 Көне айтыстың телеайтысқа ұласуы.....	85
3.2 Қазіргі айтыстағы сатира мен юмор.....	104
<b>Корытынды.....</b>	<b>127</b>
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....</b>	<b>131</b>

## Kіріспе

**Тақырыптың өзектілігі.** Айтыстағы сатираның сипаты түрлі зерттеушілердің еңбектерінде ішінәра айтылғаны болмаса, әлі күнге дейін теориялық тұрғыдан арнайы зерттелмей келеді. Көшпелі тұрмыс пен ұлттық салт-сана дарытқан айтыс өнеріндегі сатираның сипаты күрделі. Ол күрделілік сан қырлы өнер тұрлерінің жиынтығынан тұратын айтыс секілді синкретті өнердің көркемдік, ғылыми, публицистикалық сипаттарынан қоғамдық-рухани өмірде атқаратын қызметтерінен туындаиды. Сатираның айтыс шығармаларынан алатын орнын анықтау айтыстың сан қырлы табиғатына тікелей байланысты. Біз осы еңбегімізде басы ашылып нақтыланбаған айтыс өлеңдеріндегі сатира мен юмор мәселелері жайлы ой қозғауға талпындық.

Жаһан халықтары мәдениетінің тарихына үңілсек юмор мен сатираға мысалды көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Еуропа халықтарындағы ортағасырларда, тіпті, одан әріректе де болыпты делінетін құлдіргі өнершілер – сайқымазақтар, шпильмандар, шуттар; орыс-славян жұртындағы скомарохтар, елкезбелер; ал шығыс халықтары фольклорындағы кейіпкерлер қатарына араптың Джухасын, парсының Бахуласын, түріктің Базаралысы мен тәжіктің Мұшфихасын, сондай-ақ түркі халықтарындағы қоғамдық сипат алған Қожанасырдың типтік образын қоса атау орынды болмақ.

Ауыз әдебиетінің өрісі кең, арқалайтын жүгі мол, арналы саласының бірі – суырыпсалма ақындық өнердің жемісі болып табылатын ақындар айтысындағы әзіл-қалжыңың, юмор мен сатираның сан алуан сипатын іздеп табу, оның салмағын айыру үшін айтыстың әр түрін жеке-жеке әрі жіті қарастыруымыз керек.

Әлем халықтарының сын-сықағына үңіле қарасақ, қай халықтың болмасын сын-садағына нысана етіп алған қалжындары тақырыбы жағынан, кейіпкерлері мен көздеген идеялық мақсаты жағынан бір-біріне ұқсас, тіпті, кей жағдайларда бірдей де болып кездесе береді. Бірақ, сол ұқсас тақырып пен мазмұнды, кейіпкерлер мен типтерді құлкіге айналдыруда, әзіл-әжуа етуде әр халықтың өз үні, өз бояуы болады. Қазақ халқының жан-дүниесін, танымын, түйсік-сезімін танытатын – оның әзіл-қалжыңы, сын-сықағы, ойын-оспағы, әжуасы.

Халық құлкісі, халық әзілдері дегенде басты қадап айтатынымыз халқымыз ойсыз айтылған оспаққа, әрсіз әзілге, анайы, ажарсыз ойға, сауатсыз айтылған сөзге орынсыз күле бермеген. Ол әуелі құлдер, құлкі етер жайлардың парқын пайымдал, ой таразысына салып, содан кейін ғана оған деген өзінің қатынасын білдіріп отырған. Өйтпеген күнде, халық мағынасыз құлкіге жирене қараған, тіпті, ондай бей-берекет құлкі иесі жүрт алдында өзі масқара болары да бар. «Әзіл апат келтіреді», «Әзілдің де зілі болады», «Ойнап сөйлесен де, ойлап сөйле» деген мақалдар осыны мензеп тұрғандай. «Жігіттер, ойын – арзан, құлкі – қымбат», - деп жазған Абайдың: «Әрбір кісінің жаман қылышына құлсен рахаттанып құлме, ыза болғаныңнан құл, ызалы құлкі өзі де қайғы. Ондай құлкіге үнемі өзің де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып құлсен, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат

көріп күл» - деген даналық ой-пікірі де әзіл сөзде қаншалық салмақ тұрғанын көрсетеді, күлкінің қадыр-қасиетін түсіне білуге, бағалай білуге шақырады [1].

Халық қоғамдық өмірдегі озбырлыққа, қиянатқа қарсы әділ үкімін, дұрыс сыйнын көбіне-көп өзінің көкейінен жарып шыққан юмор мен сатирасты арқылы білдіріп отырған. Халқымыздың сол әзіл-қалжындарынан қоғамдық өмірдің барлық аспектілеріне жауап табуға болады.

Бүкіл қоғамға тән әлеуметтік мәселелерден бастап адамдардың жеке басындағы, мінез-құлқындағы кемшілік-мінді, іс-әрекетіндегі жарамсыз-жағымсыз көріністерді халық өзінің назарынан ешқашан тыс қалдырмаған. Бұл сипат айтыста ерекше көрініс тауып отырған. Сондықтан, айтыстағы юмор мен сатираны арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеу диссертация тақырыбының өзектілігін айқындай түседі.

**Зерттеу нысаны.** Айтыстағы юмор мен сатира мәселесін қарастырғанда, көне айтыс үлгілері, XIX ғасырдағы ақындар айтысы мен қара өлең түрлері, кеңестік дәуірдегі айтыстар мен қазіргі кездегі ақындар айтысының мәтіндері зерттеу жұмысының негізгі нысанына алынды.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Ел арасында мол тараған, халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқан сатира мен юморлық үлгіде келетін шығармалар бірқатар ұлт тілдерінде ертеректен бері жиналышп, әр түрлі жинақтарда басы біріктіріліп, жарияланып келеді.

Сан қырлы жанр ақындар айтысы туралы түйінді тұжырым айтып, мән-маңызына тоқталмаған зерттеуші ғалымдар, әдебиетшілер кемде-кем. Қазақ ауыз әдебиетінің түрлі нұсқаларының, соның ішінде айтыс өлеңдерінің де ең алғаш баспа бетін көріп жеке жинақ, немесе түрлі газет-журналдарда, хрестоматияларда жарыққа шығуы да XIX ғасырдың екінші жартысынан басталды.

Ал, айтыс жанрын қазақ ғылымында арнайы зерттеу А. Байтұрсынов [2], Х. Досмұхамедұлы [3], М. Әуезов [4], С. Мұқанов [5], М. Ғабдуллин [6], Б. Кенжебаев [7], Е. Ысмайылов [8], Қ. Жұмалиев [9], Ә. Қоңыратбаев [10], М. Қаратаев [11], З. Ахметов [12] Т. Нұртазин [13], М. Базарбаев [14], М. Байділдаев [15] еңбектерінен бастау алып, қазіргі кезеңде Р. Бердібай [16], Т. Кәкішев [17], Р. Нұрғали [18], С. Қасқабасов [19], М. Жолдасбеков [20], С. Садырбаев [21], Ү. Дүйсенбаев [22], Қ. Сыдықов [23], Қ. Өміралиев[24], Х. Сүйіншалиев [25], М. Жармұхамедов [26], Қ. Жұсіпов [27], Е. Тұрсынов [28], С. Негимов [29], Ж. Тлепов [30] т.б. ғалымдар еңбектерінен жалғасын табуда. Айтыстың жанрлық сипатын саралай қарастырған зерттеулер қатарында М. Жармұхамедовтың докторлық, С. Дауанаеваның, М. Имашұлының, Е. Әбдіхалықованың, Т. Әлібековтың, М. Әбдуовтың, айтыспен табиғаты жақын қазақ жыршылық өнерін қарастырған А. Бұлдыбайдың кандидаттық диссертацияларын атап өткен орынды [31]. Сондай-ақ әдебиетші ғалым А. Еспенбетов С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасы туралы талдауында ақынның айтыс тәсілін пайдалана отырып, қала ақыны мен дала ақынның айтысы арқылы қоғамдық-әлеуметтік, заманауи мәселелерді көтергеніне тоқталады [32, 412-416 б.].

М. Эуезов ақындықтың сұрыпсалмалық өнердің көне көздері батырлар жыры мен сонау ертедегі тұрмыс-салт жырларынан бастау алатынын айта келіп “мезгілінде жазылып қалмағандықтан, қазір біз XYI-XYII-XYIII ғасырлардағы ақындар айтысын білмейміз, деректер жоқ. Бірақ сол ғасырларда да айтыстың мол болуы даусыз”, – дейді [4, 46 б.]. Бүгінде аты белгілі Жанак, Сүйінбай, Шөже, Тұбек, Майкөт, Құлмамбет, Бақтыбай, Жамбыл сияқты халық ақындарының 12-13 жасынан бастап өмір бойы серік еткен негізгі жанры көбінесе айтыс болуы осыны аңғартады. Атақты ақындардың ірі айтыстарынан басқа әр түрлі ойын-сауық, ас пен тойда, айт пен мерекеде еткен үлкенді-кішілі, әзіл-құлқілі айтыстарда сан жоқ. Сондықтан атағы беймәлім ақындар мен айтыскерлер туғызып кеткен, бірақ хатқа түспей қалған айтыс өлеңдерінің саны, көлемі қаншалық мол болғанын, ұшан-теңіз мұра жасағанын болжау қын емес.

Қазақ әдебиетінде айтыс өнері, айтыс жанры туралы тың мәселе көтеріп, жинақтап пікір айтқан – жазушы, ғалым С. Мұқанов. Ол ақындар айтысын бес жүйеге бөледі де, айтыстың XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихындағы орнына, маңызына айрықша тоқталады [5, 56 б.]. Ал, біз нысанға алғып отырған сатира мен юмор тікелей айтысқа қатысты бомаса да басқа жанрлық негізде зерттелді. Бұндай зерттеулердің қатарында Т. Қожакеев [33], М. Тілеужанов [34], А. Мұсаев [35], Ж. Әбілев [36] еңбектерін атаймыз. Сондай-ақ, сатира теориясына қатысты жазылған орыс ғалымдары Я. Эльсберг [37], Б. В. Томашевский [38], В. М. Жирмунский [39], М. М. Бахтин [40], У. А. Гуральник [41], Ю. Б. Боревтің [42] еңбектері бар.

**Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.** Зерттеудің мақсаты – айтыс жанрындағы сатира мен юмордың орнын, үлес салмағын, қолдану тәсілдерін анықтау. Осы мақсатты айқындау үшін алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- көне айтыс үлгілеріндегі әзіл мен әжуаның маңызын саралай келе, соның ішінде айтыстардағы әзіл-әжуаның идеялық-көркемдік маңызын анықтау;
- ақындар айтысындағы әзіл-әжуаның қолдану тәсілдерін, өзіндік мәнін саралау;
- көне дәуірден бастап бүгінгі күнгі айтыстардағы әзіл-қалжыңның салмағын, айтыс жанрының көркемдік сипатын арттырударды орнын көрсету;
- юмор мен сатираның айтыс жанрының ролін арттырударды өзіндік қызметі жайлы ой қорытып, тұжырымдар жасау.
- бүгінгі айтыскерлер шығармаларының болмыс-бітімі, таным-түйсігі, салауат-сауаты, этикалық-эстетикалық ой-өрісі қаншалықты дәрежеде екенін айқындау;
- айтыстың көркемдік сипатында, мазмұндық деңгейінде, пішіндік ерекшелігінде нендей өзгерістер барына баға беру;
- айтыстағы сынни сипат, астарлы ой, шеберлік, әзіл-қалжыңның, мысқыл-әжуәның поэтикалық салмағын зерделеу;
- айтыс өлеңдеріндегі әлеуметтік мазмұн және өткір мәселе көтерудегі ақындардың сатиralық әдіс-тәсілдерді қолдануы туралы ой қорыту.

## **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.**

Осы жұмыс аясында айтыстағы сатира мен юмор мәселесі тұңғыш рет зерттеліп, ғылыми тұрғыда жан-жақты талданып отыр. Бұл орайда зерттеу жұмысындағы жаңалық мазмұнын мынадай басты тұжырымдар құрайды.

- сатира мен юмор алғаш рет айтыс ауқымында қарастырылды;
- айтыста көп қолданылатын әсірелеу, кішірейту, кекесін, әжуа секілді бейнелеу құралдарының сатираға тән сипаты ғылыми тұрғыдан сараланды;
- айтыс үстінде жағымды-жағымсыз бейнелердің алуан түрі жасалуындағы юмор мен сатираның маңызды ролі пайымдалды;
- айтыстағы юмор мен сатираның өмірді бейнелеу мен танытудағы мәні, философиялық астарлары тұжырымдалды;
- өтірік өлең және мысал айтыстардағы негізгі арқау сатира болып табылатындығы тың пікірлермен түйінделді;
- айтыстағы тәсілдер, олардың ұтымды жағы немесе ұтылудың себеп-салдары теориялық тұрғыдан түйінделді;
- айтыстың бұрынғы ғылыми қалыптасқан тұрлеріне жаңа тұжырым ұсынылады, жаңа ой-пікір, соны байlam айтылады. Яғни, бұрын қыз бен жігіт айтысы деп жүрген айтыстар негізінен әдет-салт айтысына жататыны нақты мысал, деректермен дәлелденді;
- сүре, түре секілді айтыс тұрлеріне нақты теориялық анықтама берілді.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері.** Зерттеу барысында айтыс жанры туралы айтылған, жарыққа шыққан пікір-тұжырымдар, сондай-ақ сатира мен юморға қатысты теориялық тұжырымдар, ғылыми, әдеби-сын еңбектер жұмыстың әдіснамалық негізі етіп алынды. Әдебиеттанушы ғалымдар қатарында Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Р. Бердібаев, Т. Кәкішев, Т. Қожакеев, Р. Нұрғали, М. Жармұхамедұлы, А. Мұсаевтың пікірлеріне сүйендік. Сондай-ақ сатира теориясына қатысты жазылған орыс ғалымдары Б. В. Томашевскийдің, У. А. Гуральниктің, Я. Е. Эльсбергтің, Ю. Б. Боревтің еңбектерін басшылыққа алдық.

**Зерттеу әдістері.** Диссертацияда тарихи-салыстырмалы, баяндау, талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

**Көрғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.** Диссертациялық жұмысты жазу барысында тәмендегідей тұжырымдар жасалды:

- көне дәуірдегі айтыстардан бастап бүгінгі айтыстарға дейін сатира мен юмор маңызды орын алғып келеді;
- ақындар айтысы қандай тақырыпта болмасын оның негізгі желісінде міндетті түрде әзіл-қалжындық сипат болады;
- айтыс жанрындағы кішірейту, ұлғайту, ирония, сарказм секілді көркемдік тәсілдердің қолданылуы оның сатиralық сипатымен сабактасады;
- айтыстың драмалық сипаты басым, бұл қырының өзі ондағы сатира мен юмордың маңызын таныта түседі;

– кеңес дәуіріндегі айтыстар кеңестік идеологияны мадақтауға негізделгенімен, бұл тұста да айтылар сын сатира мен юмор арқылы жүзеге асты;

– айтыстағы әлеуметтік өткір сарын – өзіл, әжүа, сықақ арқылы терендеп замана, уақыт шындығын таныта түседі.

**Зерттеудің ғылыми-практикалық мәні.** Диссертациялық жұмыс нәтижелерін айтыс жанрына байланысты зерттеулер жазуда, жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында оқылатын «Халық ауыз әдебиеті», «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихының» пәндерін оқытуда, сондай-ақ арнайы семинарлар мен курстар жүргізуде пайдалануға болады.

**Зерттеу жұмысының сарапталуы мен жариялануы.** Диссертациялық жұмыстың негізгі түйіндері мен нәтижелері республикалық ғылыми және көпшілік басылымдарда жарық көрді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысында «Мысал айтыс», ҚР ҰҒА хабаршысында «Айтыстағы қалжының сипаты», Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысында «Ұлбикенің қожа-молдалармен қалжыны» атты мақалалар жарияланды. «Ғ. Мұсіреповтің шығармашылық тағылымы» атты Халықаралық ғылыми конференцияда «Ғ. Мұсірепов және айтыс өнері», «Қазіргі айтыс: дәстүрі, келешегі. Көкейкесті мәселелер» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Әу-жар айтыстарындағы юмор мен сатира», «Алаш қайраткерлері шығармашылық мұрасының қазіргі мәдени-рухани және ғылыми дамумен сабактастығы» атты Ғылыми-практикалық конференцияда «Мысал айтыс және «Сана» журналында басылған «Өлі мен тірінің» айтысы» атты баяндамалар жасалды.

**Зерттеу жұмысының құрылымы.** Диссертация кіріспеден, негізгі үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

# **1 Сатира мен юмордың көне айтыс ұлгілеріндегі көрінісі**

## **1.1 Бәдік айтыс және әу-жар айтысы**

Айтыстағы юмор мен сатираны сөз етпес бұрын өуелі осы жанрдың туып-қалыптасу тарихына тоқталып кеткеніміз жөн. Қазақ еліндегі айтыс дәстүрі ең алғаш наным-сенімдерден немесе ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді орындау барысында туып қалыптасты. Бұл өз кезегінде толысып, ширап, дамудың зандылығымен ақындардың өрелі өнер бәсекесі – айтыс жанрының туып өркендеуіне алып келді. Даму, жетілу, қалыптасуды қамтыған бұл күрделі процесс ұзак мерзімге созылып, әр алуан дәуірлерді бастан өткізді.

М. Жармұхамедұлы «Айтыс жанрының алғашқы бастаулары тұрмыс-салт немесе әдет-ғұрып жырларында жатыр. Айталақ, қоштасу, жоқтау жырларынан эпикалық жырлар бастау алса, жар-жар, бәдік жырларынан айтыс жанры пайда болғанын пайымдаймыз», – деп жазады [26, 22 б.].

Айтыс ең алғаш тұрмыс-салт жырлары – "Жар-жар" мен "Бәдік" өлеңдерінен бастау алып, өз дамуында сан қылыш асу кезендерден өтіп кемелдене жетілді. Оның бастапқы ұлгілері көпке ортақ, алғашқы жолдары екі жаққа бірдей жаттанды өлеңдерден тұrsa, кейін өз жанынан шығарып айтатын суырып салмалық сипатқа ие болып отырды. Осы жырлар өуелде, әр түрлі әдет-ғұрып, салт-дәстүрді орындау талаптарынан туған болса, келе-келе осы негізде талас-тартысы мол, қызуқанды жаңа тұр – айтыс жанры туып қалыптасты. Ол ғасырлар бойғы өз дамуында қайымдасудың сан алуан сатысынан өтіп, келелі де кесек ақындар айтысына келіп ұласты.

Айтыс түркі тектес елдерде ертеден бар екені аңғарылады. Бұған М.Қашқаридің "Диуани лұғат ат-түрік" атты жинағындағы "Қыс пен Жаздың" айтысын, сондай-ақ Қожа Ахмет Иассаудің "Диуани хикметіндегі" "Дозақ пен Пейіштің" айтысын дәлел ретінде айтуға болады. Зерделей қарасақ, бұлардың айтыс табиғатына тән белгілері мен сипаттары мол. Мұның екеуінде де қырғықабақ, бітіспес бәсеке, андысу арқылы женуге деген құлшының пен дәлелге, аталы уәжге тоқталып, жеңілгенін ашып мойындаудың дәстүрлі кейбір көріністері бар. Осы жәйттар айтыстың көшпелі түркі тектес елдерде ерте замандардан-ақ ірге теуіп, ел өмірінің әр саласын зерделеп, бейнелеп келгенін аңғартады. Қазақ халық әдебиетіндегі айтыс дәстүрінің туып, қалыптасу тәжірибесіне зер салсақ, біздегі осындау туындылардың айтыс жанрының әбден кемеліне келген тұста ерекше қарқынмен дамығанын көрсетеді. Бұған қарағанда, айтыс өнері осы шығармалар туған заманда да, одан бұрынғы кезенде де ел өмірінен кең орын алғанға ұқсайды.

Бұл пікірдің дұрыстығын Қытай елі деректері де мойындаиды. Шыңжандық қазақ тарихшысы Н. Мыңжани "Қазақтың көне тарихы" атты еңбегінде Қытайдың "Тайпин Хиуанийжи" топтамасының "Түрік шежіресі" атты тарауындағы деректерге сүйеніп: "түріктер бие сүтінен жасалған қымызды ішіп қызып алған соң, ән шырқап бір-бірімен өлең айтысады... Күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздегі ақындар айтысының мұнан мың жылдар

бұрынғы Батыс түрік қағандығы дәуірінен бері келе жатқан дағдылы дәстүр екенін байқаймыз” – деп жазады.

Осындай жалпыхалықтық сипаты бар ауыл-аймақ көлеміндегі әр алуан мәнді жеңіл-желпі айтыстар келе-келе ақындар айтыстарымен қатар өмір сүріп келгені, тіпті соңғысы бұрынғысының дәстүрінен бастау алғып жеке жанр болып қалыптасқаны мәлім. Тіпті, қайымдасу үлгілерінің ақындық айтысқа ұласуының өзі көшпелі өмірдің бір көрінісі ретінде ұзак ғасырлар бойына созылып келген. Бұған қазақ, қырғыз, қарақалпақ елдеріндегі кемелденген айтыс үлгілері айқын дәлел. Аталған халықтардың ғасырлар бойғы тұрмыс-салты мен кәсіп-тіршілігі, әдеби мұраның ауызша айтылып, ауызекі таралуы секілді үрдістер бұл жанрдың ерекше дамып кемелдене түсуіне қолайлы жағдай жасап келген. Осы аталған елдердегі көшпелі өмірдің сол айтыс жанрының кең қанат жайып дамуына, тіпті қазақ тұрмысы жағдайында өркенде, өзінің шырқау шыңына шығуына себеп болғанын көреміз. Бұған әйгілі “Біржан мен Сара”, “Әсет пен Ырысжан”, “Ақсұлу мен Кеншімбай”, “Молда Мұса мен Манат қызы”, “Сүйінбай мен Қатаған”, “Жамбыл мен Құлмамбет” секілді классикалық айтыстар нақты дәлел бола алады.

Айтыс жанрының табиғи белгі-сипаттарын ашып саралағанда, оның ел дәстүрі мен соның кәсіп-тіршілігіне, таным-түсінігіне тікелей байланысты көрініс табатының академик-ғалым М.О.Әузев тап басып танып, ғылыми байсалдылықпен дәлелдеп берген еді. Ол осыған орай: “Халық әдебиетінің өркенде дәуірлеген шағы – халықтың шаруасы күйлі, ұдере көшіп ен жайлап, сауық-сайран, мереке-қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып, отырықшы тұрмысқа айналса, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды” [4, 328 б.] – деп жазған еді. Мұндай сұбелі де ойлы пікірлерді кезінде ұлы ғалымымыз Шоқан да, күні кешегі ірі жазушымыз Сәкен де айтқан болатын. Айтыс пен суырыпсалма өнері егіз, бірінсіз бірі жоқ. Суырыпсалмалық дарыны мен айтыс тәсілдерін, ұту, уәжбен тосуды еркін игеріп, ел жағдайын, қарсыласының әлсіз тұстарын жақсы білетін ақын ғана әр кез жеңіске жетіп отырған. Сол себепті айтыс атаулы уәж, ұтымды дәлелге құрылған екі қарсылас ақынның өлеңді қолма-қол шығарып айтқан сөз бәсекесі, өнер жарысы. Төрешісі – халық, немесе жүртқа қадірлі, дуалы ауыз ел ағасы. Бұлардың төрелігі қара қылды қақ жарғандай әділ де нақты болуға тиіс.

Айтыс өзінің мазмұны мен сипаты жағынан тұрмыс-салт жырларымен терең үндесіп, астасып отырады. Ол біздегі эпикалық, лиро-эпикалық жырларға түр беріп көркейтумен қатар, өзі де олардағы эпикалық әуен-үнді бойына сініре білген. Сөйтіп, өзге жанрларға елеулі ықпал-әсер етіп келген айтыс өнері өзінің сол синкреттік сипаттары арқылы олармен ғасырлар бойы иық тіресе, қатар дамып келді.

Айтыс түйіні – шындық. Қандай жүйрік, тапқыр да алғыр ақын болса да, бетпе-бет бәскеде айтылған шындықтан жалтарып кете алмаған. Олар қашан да шындыққа тоқталып, аталы сөз бен уәжге бас иетін болған. Мұны қөбінесе, қанша қыын болса да, ақындардың өзі айтып, ашық мойындан келгенін көреміз.

Аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсыновтың осы бағыттағы зерттеулерінде бұл жанрдың жазба әдебиетке ұласу жолдарына, яғни “алаңдық айтыс-тартысқа” аудисуына мүмкіндігі мол екеніне ерекше мән берген. А.Байтұрсынов осы мәселеде: “Сөз өнерінің бұл түрі Европа тілінде тек “айтыс” мағынада емес, “айтыс-тартыс, арпалыс” мағынада ұғылады. Біздің қазақ Европа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақтың айтыс өлеңдері алаңға түс-түс барып, алаң айнасына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жүрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды” [2, 409 б.] – деп жазған болатын. “Айтысқанда ақындар көбінесе бірінің-бірі басындағы, еліндегі міндерін айтып тоспақшы болады. Айтыстың бұл жағынан өлеумет алдына пайдасы зор” дей келіп,- айтыс өтіп болған соң, оған бір ақын екі ақынның айтысқаны қылышп, екі жағының сөзін өзі шығаратын болған”, – дейді.

Айтыс өлеңдерінің шығу тегі мен оның жанрлық ерекшеліктерін ашып белгілеуде академик жазушыларымыз М. Әуезов пен С. Мұқановтың еңбектері аса зор. М. Әуезов айтыстың тұрмыс-салт жырларынан бастау алып жеке жанр болып қалыптасуына мән беріп, оның тартысты, қызуқанды драмалық белгілеріне зер салса, С. Мұқанов айтысты халық өміріндегі орны мен мәніне, көркемдік сипаттарына қарай талдап бағалайды. Бұл зерттеулерде біздегі айтыстың өзге елдердегі қайталанбас белгі-сипаттарын талдау арқылы оның көшпелі өмірге байланысты суырыпсалма дәстүрі үлгісінде бізде биік белеске көтерілгенін ашуға зер салады.

Аталған айтыс жөніндегі зерттеулерде айтыс жанрын жіктеп бөлуге де, жіктеп талдауға да елеулі орын берілген. Жіктеулері өзара ұндес те ұқсас. Белгілі ғалым Қ. Жұмалиев те осыған ұқсас жіктеулер жасап, мысал іспеттес айтыстардың мәнін аша түсуге талпынады. Ал зерттеуші Б. Кенжебаев ірі де көркем айтыстарды өлеңмен жазылған роман деп бағаласа, Е. Ысмайылов кесек те келелі айтыстарды сюжетті роман деп бағалағанды жөн санайды. Сондай-ақ М. Қаратаев, Н. Төреқұлов, М. Дүйсенов, Р. Бердібай, Ә. Дербісөлин, С. Қасқабасов зерттеулерінде айтыс жанрының жаңа бір қырлары сөз болып байыпталады.

Бұл ғалымдардан өзгешелеу пікір айтқан зерттеуші Е. Тұрсынов деуге болар еді. Ол айтыстың арғы шығу тегін көне дәуірдегі құдалық тұсында болатын әзіл-сықақ, жұмбақ айтысу рәсімдерімен байланыстырады. Е. Тұрсынов осыған орай: “Этнографиялық материалдарға қарағанда, ақындық айтыс өлең түріндегі айтыс болып бірден қалыптаспаған. Ақындық айтыстың өте қызықты, ұзак тарихы бар. Құдалар айтысының қыз бен жігіт айтысымен тұп-тамыры бір... Бұл екеуінің тұп-тамыры қыз алысып, қыз берісу қатынастары бар рулардың адамдары арасындағы сөз жарыстыру салтында жатыр” [28, 116 б.] – деп жазады. Шынында да бұл жанрдың үйлену салтына байланысты туып, өркен жайып дамып келгені даусыз. Біздің ойымызша, құдалық тұсындағы айтылатын әзіл-калжың, сын-сықақтардың бізде, А. Байтұрсынов жоғарыда атап көрсеткендей, алғашқы өлең түрінде емес, керісінше қара сөзбен айтылып келгені аңғарылады. Бұған қарағанда, сол қыз бен жігіт айтыстарын дәстүрлі үйлену салты мен елдің көне түсінік-тәнімі,

әдет-ғұрпына байланысты туып қалыптасқан төл жанр деп бағалаған жөн. Сонымен, айтыстың табиғи белгі-сипаттарын жинақтай келіп, оның мазмұндық жағынан төмендегіше жіктелетінін көреміз:

1. Әдет-ғұрып айтысы: а) “Жар-жар”, б) “Бәдік” үлгісіндегі айтыстар.
2. Ақындар айтысы: а) Дін айтысы, б) Жұмбак айтыс, в) Жазба айтыс .

Импровизация дәстүріндегі айтыс ақындарының өміріне зер сала қараса, бұлардың өлеңді таңдаулы кісілерге қонағын киелі қасиет санаپ, оның белгілі бір иесі бар деп анық сенген. Мәселен, Өскен, Сүйінбай, Кемпірбай, Жамбыл тәріздес жүйрік айтыс ақындары өлеңді өзіне аян беру арқылы қонып дарыған ерекше киелі қасиет деп санаған.

Сатира, юмор элементтері бәдік айтыстарда айқын көрінеді. Себебі әр халықта сатираның қайнар көзі, бастауы халық ауыз әдебиетінде болатыны белгілі. Санада сараланып, буынсыз тілдің қызына балқып, сатирамен суарылған ауыз әдебиетінің жанрлары мол. Өйткені, сатира – халықтың рухани күші мен қуатының кепілі. Бұл тұста «сатира мен юмор халық тірлігімен бірге жасасып, әдебиетіміздің әр кезеңіндегі оның идеялық, көркемдік дәрежесін дамытып, адамдардың ара қатынасын байқатып, олардың рухани өмірде халық жырларының эстетикалық ұғымдарының да қандай жолмен даму барысын көрсетеді» деген зерттеуші А. Мұсаев пікірін келтіре кеткен орынды [35, 8 б.].

Қазақ ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырлары аталатын үлкен саласына енетін өлеңдердің бір тобы «бәдік» деп аталады. «Бәдік өлеңдері ежелден халықтың басынан кешкен тұрмыс күйі мен ескі көзқарасы, сенімнанымдарына байланысты туып қалыптасты. Көшпелі тұрмыста халық малға келген әр түрлі індегі аурулардың өз иесі бар деп ұғып, соған қарсы ем-дом, көшіру ретінде әр түрлі ырымдар жасайтын болған. Соның бір түрі – бәдік айту болып табылады. Мұнда сиқырлы күші бар деп саналатын поэзия мен сөз құдіреті арқылы малдағы қатерлі ауру-індегіті аластау мақсаты көзделеді. Бәдік жырлары бертінірек келе жастардың сол сұлтаумен бас қосып, көңіл көтеретін қызықты ойын сауығына айналған» [4, 12 б.].

Бәдік өлеңдері негізінен кезекпен жауптасу үлгісінде келеді. Өте ерте заманда, ислам тарағанға дейінгі шаман діні кезіндегі нанымдардан туғандықтан бәдік өлеңдерін айтыстың көне түріне жатқызамыз. Малға, адамға тиетін індегі, ауру-сырқаттың иесі бар деп ұққан халық оны «бәдік» деп атаған. Ал сөздің, әсіресе, өлеңмен ұйқасып келетін жүйелі сөздің сиқырлы күші, магиясы бар деп сенгендіктен халық сөз қадірін өз қадірінен артық көрген. «Қарғыс алма, алғыс ал», «Сөз тас жармаса, бас жарады», «жақсыға көз тиеді, жаманға сөз тиеді» деген мақал-мәтелдерден көшпелі халықтар арасындағы сөз бағасын, сөз киесін көруге болады. Сиқырлы сөз құдіретімен әр түрлі ауруларды аластауға болады деп ұғынған ел бәдік жырларын тудырған. Шаман дінінде ауруды емдеудің екі түрі қолданылған. Бірі – бақсылардың зікір салып емдеу тәсілі болса, екіншісі – көпшілік болып жиналып, екі топқа бөлініп бәдік айту, осылайша аурудың иесін өлеңмен аластау. Бұны ауру-індегіті емдеудің жалқылық және жалпылық түрі деп атауға болады. Осылайша діни наным-сенімдерге қатысты туған тұрмыс-салт өлеңдерінің екі түрі қалыптасты, мұның

алғашқысына – «бақсылар сарынын», екіншісіне – «бәдік» өлеңдерін жатқызамыз.

М. Әуезов ескі нағымның сарқыты болып келген өлеңдердің бірі «Бақсылардың сарыны» екенін айта келіп: «Бақсы сарыны арнаулы күймен қобызға қосылып айтылады. Күй-ән, жырдан бөлек. Ертеден келе жатқан, күніренген, толғанған сұық сарынды боздауық күйлер. Көп бақсының жын шақырганда тартатыны «Қорқыт» күйі. Бақсы атаулының барлығы да қобызben Қорқыт күйіндегі жат сезімді күйлерді тартқан соң күйіне келеді. Күй мен сарын – бақсының сүйеуі; қызулы, толғақты халге жеткізіп, көреген, сәуегей қылуға себеп болатын ең үлкен шарт. Сондықтан өзге күй мен өзге өлеңдерден бөлек сарын өлеңі бар», – деп жазады [4, 40 б.].

«Ауру емдеудің жалпы түріне көпшілік қатысады. Мәселен қойға топалаң, я секіртпе ауруы тиіп, жылқыға жамандат я жарғы, сиырға алаөкпе я қарасан тиіп, мал қырыла бастаған кезде, табын малды отпен аластап айдау, я өліктің қабіріне түнетіп емдеу болған. Бұл емдеуде бақсы ғана емес, оған көпшілік қатынасып, азан-қазан, у-шу боп, малдың зәресін ап үркіткен, ондағы ойы оттан, шудан, аруақтан ауруды сескендірген» [21, 230 б.].

Шаман дінінің салдарынан қалған бәдік өлеңдерде 11 буынды қара өлең үлгісімен бірге 7-8 буынды жыр үлгісі де кездеседі. Әсіресе бәдік өлеңдердің ең көне түрлері осы формада болғанға ұқсайды:

Бәдік, бәдік деседі,  
Бәдік желдей еседі.  
Асқар-асқар тауларға,  
«Әй, көш!» десе көшеді.  
Әй, көш! [43]

Осылайша әр шумақ сайын «Әй, көш!» «Көш, көш, бәдік, көш!» - деп қайырып отырады.

«Шаман дінінде ауруды «көшіру» деген дағды бар, ол бақсыға ерген көптің ауру иесін ауру адамнан, я малдан жекелеп алып, аластап қууы. Әдетте ауруды көшіргенде бақсыға ерген жұрт малдың ку сүйегін әлеміштеу сырлайды да, елден аулақ жерге апарып тастайды. Бақсының айтудынша, ауру иесі ауырған адамнан я малдан қылғанда жоғалып кетпейді, ол өлуге тиіс емес. Сол себептен де ауру көшірген сүйектің маңына адам жоламауға, малды да жолатпауға тырысатын» [5, 230 б.].

Бақсы сарыны қобызben тартылса, бәдік өлеңдер көбіне домбыраға қосылып айтылатын болған. Бұл өлеңдерде әуелі аурудың малға жабысқаны туралы, оның салдарының қалай болатынын топшылауға болады. Мысалы:

Айт, дегенде айтайын бұл бәдікті,  
Қара мақпал тоным бар бүрме әдіпті.  
От оттамай, су ішпей жата берсе,  
Бәдік емей немене бір кәдікті.  
Көш, көш, көш! [43]

Ислам дінінің келуіне байланысты бәдік өз мән-мағынасын өзгертіп, ендігі уақытта жастардың көніл көтеріп, бас қосқандағы ойын-сауығына, айналған. Яғни, ауру емдеуге арналған бәдік өлең формасы бертінгі уақыттарда ойын

есебінде қолданылған, түрі ғана пайдаланылып, мазмұны жаңғырған, мақсаты өзгерген. Ойын-сауықтық сипатқа ие болған. Бертінгі кезде, төңкеріске дейін де мал мен адам ауырмай-ақ жастар өз бетімен сауық жасауға жиналып, өзара бәдік айтысқан. Әуелде мазмұны жалпыланып келсе де, келе-кеle бәдік айтыстар қыз-бозбалалардың әзіл-қалжынына айналады.

Қыздар:                   Бәдік кетіп барады мекесіне,  
                                 Ешкі арығын білдірмес текесіне.  
                                 Онаң көшер жерінді мен айтайын,  
                                 Бар да жабыс жігіттің шекесіне.

Жігіттер:                   Темір бәдік, дегенде, темір бәдік,  
                                 Ку қыздардың шекесін кемір, бәдік.  
                                 Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,  
                                 Бүйрек майын жедағы семір, бәдік.

Қыздар:                   Бозбаланың көш, бәдік, санына көш,  
                                 Жатыпішер жалқаудың қарнына көш.  
                                 Онаң көшер жерінді мен айтайын,  
                                 Жігіттердің қушиған жағына көш!

Жігіттер:                   Ақын қыздың көш, бәдік, тіліне көш,  
                                 Бакта ашылған сарттардың гүліне көш.  
                                 Көш айласын білмесен мен айтайын,  
                                 Бұратылған қыздардың беліне көш [43].

Осылайша, бәдік айтыс жеңіл де жарасымды әзілмен, жылы юмормен ел көңілін сергітетін, жастарды табыстыратын сауық-сайранға, қызық-думанға ұласқанын көреміз. Түрі, түсі белгісіз, ескі наным-сенімнен туған бәдіктің жігіттің шекесіне, қушиған жағына жабысуы езуге еріксіз күлкі үйіреді. Жігіттердің де қапы қалмай бәдікті семіз қыздың бүйрек майымен семіртуі, қу қыздардың шекесін кеміртуі зілсіз юмордың бояуын қоюландыра түседі. Бәдіктің семіз қыздың ішіне кіріп кетуі, бұратылып белінде жүруі әзілді әрлендеріп, көңілді кештің көрігін қыздыра береді.

Көне бәдік өлеңдерінің пішіні сақталып, мазмұны өзгеруімен қатар, кейінгі бәдік айтыстарда әр ойды түйіп, басты мақсатты көздейтін «әй, көш» «көш, бәдік, көш» деген қайырым-түйіндердің түсіп қалғаны байқалады. Қайта әр шумақтың үшінші жолында «Онаң көшер жерінді мен айтайын» «Таппасаң көшер жайды» «Көш айласын білмесен» деген тіркестер қайталанып отырады. Мысалы:

Онаң көшер жерінді мен айтайын  
Қыз аулында қабаған тазыға көш!

Қиғаш қас, қылымсыған қыздарға көш!

Койдан қойға жүгірген марқаға көш!

С. Садырбаев бәдік өлеңдері туралы айта келіп: «Өлең айтушылар бейне бір бәдіктің жүрген-тұрғанын көріп отырғандай елестетеді, сонымен сөйлескендегі сезінеді, бәдіктің соңына түскен қыз-жігіттердің шулаған үні естіледі. Сөйтіп бәдік кешіне қатынасушылар ауруды емдедік, індегі пен кеселді аластадық деп ұққан. Содан соң жастардың әзілді ойындары басталған: бәдіктің атын араластырып, жігіт қызға, қыз жігітке іштей іңкәрлігін алма-кезек өлеңмен білдіріп отырған. Бәдік айтыста жігіттер бәдікті қыздың шашына, беліне, шашбауына, тұнде жүрген ізіне бағыштап сөйлейді. Сол арқылы жігіттер қыздарды қорқытпақ болады, сескендіреді, өздерін бәдіктің қас жауы ретінде көрсетуге тырысады. Әр алуан қалжың, күлкімен қыздарды еліктіріп, өзіне тартпақ болады, әзіл айтады», – дейді [21, 9 б.].

Жігіттер:

Қаратаям, дегенде, қаратаям,  
Тау басынан соғады қара дауыл.  
Сіздің үйде бір бәдік бар дегенге,  
Қаптай көшіп келеді біздің ауыл.

Қыздар:

Бәдік кетіп барады таудан асып,  
Таудан асқан бұлтпенен араласып.  
Енді екеуміз бәдікті тауып алыш,  
Шын құмардан шығайық сабаласып.

Жігіттер:

Қуаласын, келмestей қуаласын,  
Есі кеткен мақтайды дуанасын.  
Бәдікті жиып-теріп дорбаға сап,  
Анау қыздар жабылып қуаласын,

Қыздар:

Бәдік десе біз келдік шаба-шаба,  
Суға салсаң жібиді қатқан саба.  
Осы ауылда бір бәдік бар дегенге,  
Көшірейік деп келдік екі бала.

Жігіттер:

Бәдік кетіп барады сусамырға,  
Жолда жатыр қайқайып қу қабырға.  
Құдай ондал бәдікті қолға берсе,  
Басын байлап кетейік бір тамырға.

Қыздар:

Бәдік кетіп барады шатқа таман,

Тағы жүрді мінгелі атқа таман.  
Құдай ондап бәдікті қолға берсе,  
Итерелік кәпірді отқа таман [43].

Жаттанды өлең көп болғандықтан «трафарет» дайын сөз тіркестері «Ей, бәдік, көшер болсан», «Бұрма бәдік, дегенде, бұрма бәдік», «Бұқпа бәдік, дегенде, бұқпа бәдік» немесе «Бәдік кетіп барады», «Құдай ондап бәдікті қолға берсе», «Темір бәдік, дегенде, темір бәдік»... деген қайталаулар жиі кездеседі. О, баста бәдік үлкен күш, ауру иесі деген түсінік болса, кейін ислам келген соң оның мағынасы жаман не «харам» нәрсенің атауы секілді сипатқа өзгергенін көреміз. Тіпті, бәдікті «кәпір» деп атап жібереді. Қазіргі түсінікте де бәдік өзінің алғашқы қасиет-сипатынан бөтен мағынада қабылданады. Бәдік – дәрекі, бейпіл, анайы деген ұғымды білдіретін кезі де бар. Ел арасында бейпіл сөйлейтін әйелдерді «бәдік қатын» деп атайдыны осы соңғы ұғымда қолданылып тұрғанын байқатады.

Ауру мен малды емдеуден гөрі, ойын-сауықты қыздыру мақсатында өткізілетін бәдік кештерінде айтылар айтыс өлеңдері өзіл мен қалжыңға, сын-сықаққа бай. Мысалы, сауық-сайран мен серілікке әуес жігіттер жағы бәдік кештері өтетін ауылдарға іздел келіп:

Бұқпа бәдік, дегенде, бұқпа бәдік,  
Күндіз тұні жегені жүқпа, бәдік.  
Үлкен қыздың ішіне кіріп кетіп

«Ойбай, өлдім» десе де шықпа, бәдік, – деп қыздарды қалжыңмен қағытып, өзілмен шала бастайды. Қыздар жағы да қалыспай қалжыңды қыздыра:

Бай ауылдың көш, бәдік, құртына көш,  
Көшіп кеткен әр жерде жүртына көш.  
Онан көшер жерінді мен айтайын  
Ұрысқақ балалардың мұртына көш, –

деп жауап береді. Әзілді тосқауыл қойып тойтарып, жігіттердің жел сөзін тежеп тастамаса да, ойынды оспаққа, ұластырып, қалжыңға қарымта қайтарады. Осылай егесіп, ерегесіп отырып айтыстағы сын-сықақ күшіне түседі. Мұндай кештер де басқа жайлар, келелі мәселелер айтылмай, өлең жарысы түгелдей юморлық желіде өтеді.

Айтыстың халық арасындағы орны мен бағасын айта келіп М. Әуезов: «... жаттама өлеңді айтысса да, әнге қосып сөз таласын жасамаса барлық ойын, айт пен той қызықсыз, көңілсіз болатын. Соған қарағанда айтыс сөз қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғандығында дау жоқ... Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел тартысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған» [4, 40 б.] – деп түйін жасайды.

Мұндай жиын сауықтың, көңілді кештердің бір күнде бітпегенін, бірнеше күнге ұласуын, ұзаққа созылуын қалаған жастар қызықты қызыққа жалғастыра білген. Бәдік өлеңдер де кездесетін :

«Бар екен осы ауылда үш күн бәдік,  
Шапанымның етегі үш ділдалық», - немесе,

«Жеті күнге жеткізе айт бәдікті  
Келуіне егесінің келмес кәдік» –

дейтін жолдардан ойын-сауықтың бір кешпен шектелмейтіні аңғарылады. Бәдік айтыстың сонын іңкәрлікті сөйлесетін қайымға айналдыру үшін «Бәдігінді қой-дағы өлеңінді айт, Енді бәдік айтқанға шықсын кекше» – деп әзілі мол қайымға көшкен. Ал, айтыс сонында, кештің тарқар шағында:

Бәдік шабар, дегенде, бәдік шабар,  
Жақсы бие арғымақ құлын табар.  
Тойдан қызық аулында бәдігің бар,  
Хабарласып тұрмасаң құдай табар, –

деп бір-біріне наз, құрбылық базына да айтылып жатады. Ойын-күлкінің, думан-сауықтың қызатын шағы болып табылатын бәдік кештерін осынау қызбозбалалар жәй ғана ас-тойлардан артық бағалағаны көрінеді. Мұндай кештің болатыны жайлы хабар беріп, жалпыға жарияламасаң, құрбыларды қызықтан құр қалдырсаң құдай атады деп әзілдейді.

Ойын күлкі – адамның өмір серігі. Күлкі арқылы адам өзінің жан-дұниесін, көніл-күйін, белгілі болмыс-құбылысқа өзінің қатысын аңғартады. Демек, адамның ойы, сезімі, қуанышы, сүйініш-күйініші осы күлкі арқылы көрініс тауып жатады. Ғалым Т. Қожакеев: « Күлкі екі түрлі себептен пайда болады. Бір алуан күлкі қанағаттанғандықтан, екінші бір күлкі ренжігендіктен туады. Бірінші жағдайда қуаныш күлкісі, екінші жағдайда келемеж күлкісі көрініс табады. Келемеж күлкісі юморлық сезімнің комизмді тауып алып, зерттеп біліп, бағалау, түсіндіру үстіндегі адамның одан алған әсерінің, соған деген қатысының жемісі. Күлкі негізі комизмде жатады. Юморлық сезім соны ашып, айтып, жұрт назарын соған аударады, сонан соң ғана адам баласы оған өз қатысын жасайды, күледі», – деп жазады [33,12 б.].

Олай болса, сатира мен юмордың негізі комизмде жатады деп айта аламыз. Комизм – езуге күлкі үйіретін, жүзіне күлкі ұялататын күлкілі жайттар. Ол әдебиетте кейде ашық көрініп, кейде жұмбақталып, кейде жасырын түрде тұспалданып, астарланып берілуі мүмкін. Бәдік өлеңдерде комизм секілді юморлық, сатиралық элементтер, белгілер молынан ұшырасады.

Юморлық, сатиралық негізде, әзіл-сықақтық желіде құрылатын айтыстың көне үлгілерінің бірі – “Әу-жар”. “Жар-жар” немесе “Әу-жар” – айтыстың ескі замандардан бері бір қалыпты өзгермей трафарет ретінде жеткен ең көне түрі болып саналады. Бәдіктен айырмашылығы діни наным-сенімдерден емес, қазақтың әдет-ғұрпына, салт-санасына байланысты туған. Бұл – қыз ұзатылар тойда айтылатын өлең. Той тарқар кезде бозбалалар келіп, ұзатылар қызға басу айтып, көнілін көтеру ниетінде өлең сөзбен қоштасады:

Жігіттер:

Қара насар, замандас, қара насар, жар-жар,  
Қара мақпал сәүкеле шашың басар, жар-жар.  
Мұнда әкем қалды деп қам жеменіз, жар-жар,  
Жақсы болса қайын атаң орнын басар, жар-жар.

Қыз:

Есік алды қара су майдан болсын, ай-ау,  
Ақ жүзінді көргендей айнаң болсын, ай-ау,  
Қайын атасы бар дейді бозбалалар, ай-ау,  
Айналайын әкемдей қайдан болсын, ай-ау! [43] –

деп басталып, жігіттер де, қалыңдық та қайын жұрты мен өз туыстарын бір-бір ауыз өлеңмен атап шығады. Әр шумактың басында қайталанып келетін жолдардан да, бір үлгіде айтылатын өлең пішінінен де жар-жардың көбіне жаттама өлеңдер болып келетіні аңғарылады.

“Әу-жар” – қалыңдық пен ауыл жігіттерінің айтыс формасында сөз қағысуы, базыналасуы тәрізді. Ал шын мазмұнына үңілсек, бір ауылда бірге өсіп, тай құлындағы тебіскең қыз-бозбалалардың бір-бірімен қоштасуы. Бөтен елге кетіп бара жатқан қызға ауыл жігіттерінің онда да қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайынбике, қайынсіңілілер өз туысынан кем болмайды деп, үйренерсің деп жұбату айтуды. Қалыңдық болса, қанша жақсы болғанмен, бірге туған бауырлардан ешкім артық болмайтынын айтуды, “бірге тумақ болғанмен, бірге өлмек жоқ” екенине амалсыз көніп, тағдырына өкпе назын білдіреді. Көп ретте қыз болып жаралғанына налып, жат жерлік болғанына ренішін айтады.

Қыз:

Әке менен шешенің мейірі қатты, ай-ау,  
Өз баласын қызығып малға сатты, ай-ау,  
Байлап беріп жат жерге танымаған, ай-ау,  
Жетім бала құсатып жаутаңдатты, ай-ау!

Жігіттер:

Буынғаным беліме кісем бе еді, жар-жар,  
Бекем бусам белімнен түсер ме еді, жар-жар,  
Әкең барып шешенді ап келмесе, жар-жар,  
Мұндай азап басыңа түсер ме еді, жар-жар!

Қыз:

Бұл дүниеде бар ма екен қыздан байғұс, ай-ау,  
Ала бөтен өзгеден тиген қарғыс, ай-ау,  
Бұралқы иттей әркімге ілеседі, ай-ау,  
Жиырма қыз бергенше ұл бер жалғыз, ай-ау! [43]

“Әу-жар” айтысы екі түрлі болуы мүмкін. Бірі – ұзатылар қыздың ауыл бозбалаларымен қоштасып сөз жарыстыруы, екіншісі – қызды алуға келген күйеу жігіттің жолдастары мен қалыңдық тобының қағысуы. Мұндағы басты ерекшелік бірі - кимастық, сағыныш сарынында болса, екіншісі - жұбату, ақыл-кенес түрінде келеді. Бірақ, барлық жар-жар айтысының үлгілерінде адамзат баласының екі жікке бөлінетінін аңғарамыз. М. Әуезов бұл туралы: “Адам баласының екі ру болған қауымының бұл жерде екіге бөлінген жігі ашылады. Соның белгісі көрінеді. Жаңа өмірге кіретін жас әйел, жаңа өмірге кіретін жігіт өздері шыққан екі топтың пікірін, сырын сөйлейді. Еркектер тобы әйелге жалпы адам баласының қауымынан әйелдің не міндет, не мақсатпен жаралғанынан айтады, – дей келе, – Әрине, әйелдер қауымы да өз басының

арман-мұнын тілегін айтады. Олардың да арманы, тілегі, шынайы сезімі ескерілмеуге тиіс емес. Себебі туған жерін қимайтын, туған-туыстарын, құрбы-құрдастарын, ең бастысы еркелетіп бұла өсірген балалық бал дәуренін қимайтын көңілін айтуды жалпы қауым дұрыс қабылдайды. Жастық шақтың сыйластық сезімі қимастық көңілге, соны базарын таусылмайтын тауқыметке айырбастаған сағынышқа айналуы заңды да. Сондықтан да жар-жар өлеңдері қыздың тойын қызық қылу үшін, жиналған жүртты құлдіру үшін ғана айтылатын өлеңдер емес, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына бар, көздейтін арнаулы сұлу мақсат бар”, – деген тұжырым жасайды [4, 52 б.].

Қыз:

Қара суды жағалай қаз барады,  
Анасынан жат жерге қыз барады.  
Қара суға қан құйсаң – ағар, кетер,  
Жат кісіге қыз берсең – алар, кетер.

Қыз бала қинала отырып өмірдің мәнін осындай байламдармен түйіп тастайды. Зарлана өлең айтқан қалындықтың әрбір сөзі маңындағы құрбыларымен бірге туыс-туғандарын да мұнайтады. Тегінде сұлу қыздарды ақсұнқарға, лашынға, қарлығашқа, ал үні әсем әнші аруларды сандуғашқа немесе бұлбұлға теңеп жатады. Ақку болса, сұлулық бейнесі, махабbat символы. Қыз бала мұнданып отырып ата-салтын аттай алмай кетіп бара жатып наразылығын білдіріп жатады:

Аққу көнбес ешкімнің байлауына,  
Қайтар ән сап ақ сұлу жайлауына  
Қыздан сорлы бар ма екен, тәнірім-ай,  
Әкесінің кетеді айдауына.

Бір ескеретін жай, әзіл-қалжың бұл айтыс ұлгілерінде көбіне жігіттер жағына тән болады. Олар қалындықты жұбатып отырып, құрғақ ақыл-насихаттан гөрі көңіл сергітетін өлеңдерді юморлық негізде құруға талпынады. Үлкен тойдағы мұң-қайғының бұлтын серпіп, жел сөзбен желпіндіріп тастауды мақсат тұтады. Ал, қыздар жағында сөз сатирамен сапталып, құлқіден гөрі кекесін, әзілден гөрі әжуә, мысалдан гөрі мысқыл басым түсіп жатады. Құле қалса ықыласпен емес ызадан құледі. Мысалы:

Уылжымай ақша бет қуарсайшы,  
Мөлдіреген екі көз суалсайшы, –

деген қыз сөзі, қыз тілегі адамзаттың арманына қайшы келеді. Яғни бұқіл адам баласы мәңгілікті аңсап аласұрса, кәріліктің емін таба алмай шарқ ұрса, қалындық бұдан бас тартады. Бұл – ирониялық парадокс. Құдайдан жылап сұрайтын шын тілек емес, өзін-өзі қарғау. Еркекті есінен айырып өзіне ынтық қылған бет қызылына, көркіне, жасын шашып жарқылдаған жанарына, мөлдіреген екі айнасына тезірек солу, қуару тілеген қыз талайына наразылығын ирония арқылы білдіріп отыр.

“Әу-жардың” жалпы мазмұны бір сарында болғанмен, әр жерде, әр аймақта алуан түрлі ұлгілері кездеседі. Кейде ақын жігіттер әу-жардың ел аузында бұрыннан жүрген жаттанды ұлгілеріне үзінділер қосады. Кейде сурыпсалмық өнері бар жігіттер де, қалындық та өз жанынан қолма-қол

шығарып, тыңдаушы жүртшылықты бірде өздерінің ұнамды, жарасымды әзілдерімен көңілдендіріп, сергіте түссе, енді бірде, көз алдына жас алдырып мұнайтатыны болады. Мұндай өлеңдер ауылдардағы кейбір өнерлі сері жігіттер мен бойжеткен қыздар арасындағы әр түрлі жағдайға байланысты айтылмай, сыртқа шықпай кетіп бара жатқан жүректің мұңлы лұпілі тәрізді. Қалындық баратын жеріне, болашақ күйеуіне көнілі толмаса, ата-анасына, ел-жұртына әу-жар айту сылтауымен өзінің наразылығын білдіріп отырса да, бұл ешқашан есепке алынбайды.

“Әу-жарды” кейде “Жар-жар” деп атайды. Мұны айтудың өзіндік жолы, айтылатын мезгілі және айту тәртібі болады. Тегінде жар-жарды бір жігіт қана бастайды да, қалған жігіттер керек жерінде қосылады. Оған жауап ретінде қалындық өлең бастайды да құрбылары қайырмасында қосылады.

Жалпы, “әу-жар” ұзатылу тойында айтылып, еш діни сенімге негізделмейтін, қазақтың ежелгі салт-дәстүрімен болатын өлең сайысы. Эйтседе, кейбір “әу-жар” айтысының ұлгілері діни сипатта болып келетіні байқалады. Мұндай ұлгілерде тағдыр, талай, Тәңір, жазмыш деген діни ұғымдармен бірге, “Жалғыздық бір құдайға жарасады”, “Бидайдың барап жері диірмен”, “Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған”, “Кыз – жат жүрттық” деген секілді мақал-мәтелдер кездесіп қалады. Діни белгілері басым айтыс ұлгілерінің мазмұны төмендегідей қалындыққа құтты болсын айтумен басталатын болып келеді:

Жігіт:

Бисмилла, деп бастайық аужар басын,  
Ұзак қой деп жүруші ем өмір басын.  
Біразырақ көңілді көтерейік,  
Кетер болсаң шынымен қарындасым.

Елің жүрттың жылайды сені қимай,  
Көздің жасын бұлайды көңлін тыймай.  
Қарындасым жылама бұл мирасқа,  
Кеткен жұмыс емес қой елге сыймай.

Қарындасым, жылама, бұл мирасым,  
Пайғамбар да ұзатқан Фатимасын.

Байқап отырғанымыздай айтысуышы жігіт діни сауаты бар білімді, иманды жан болуы керек. Ауылдың қу тілді әзілқой бозбалалары “Әкең барып шешенді әкелмесе, мұндай азап басыңа түсер ме еді?” – деп қағыта сөйлесе, діни сауаты бар жігіттер қызды құр сөзбен жұбатпай пайғамбарды мысалға алып, Алланың парызы мен пайғамбар сұннетіне мойынсұнуды, солардан ұлгі алууды насихаттайды. Әке әмірі қатты болғанмен ол да қызын жатқа қимайды. Қыз мұраты – кету болған соң, Расул да ең сүйікті Фатимасын ұзатты дегенді айтады. “Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған” деген мәтелдің бір мәні, бір ұшығы осында жатқанын ишаралайды.

“Әке-шешем жылатып малға сатты” деп зарланған қызға жігіт:

Тағдыр жазды осылай

Сізді жатқа бұйырып,  
Амалсыз берді ата-анаң  
Балам-ай, деп күйініп.  
Әдепті бол, қарағым,  
Көптен алғыс алам деп,  
Өз бағанды кетірме  
Жұрттан алғыс табам деп,  
Еркелеген жарыңа,  
Кішілік қыл жағам деп,  
Қайнағаң мен қайныңыз,  
Ойласын жақсы адам деп.  
Жалғыз емес жар, жолдаш жанында бар, жар-жар-ау,  
Тұзік болсаң жанашыр онда да бар, жар-жар-ау.

Қыз:

Өз ордамдай алшандар заман қайда, әй-ау,  
Ақ шүберек салған соң бөлек жайда, әй-ау,  
Тар құрсақтан бір шығып сүт еміскен, әй-ау,  
Өз ағамдай, інімдей бауыр қайда, әй-ау,  
Жылағанға жұбатып айтасындар, әй-ау,  
Оңайлықпен жат жұртқа жағу қайда, әй-ау.

Жігіт:

“Атаң тұтты аузыңа, пайғамбардың лебізін,  
Тұсіргелі өзінен мойнындағы парызын.  
Жарылқасын алдынан айтылды жұртқа арызың,  
Құтты болсын ақ ордан, аман бол енді жарқыным” [43].

“Әужар” айтыстарының аяғы жігіттер жағының тілегімен “жол болсынымен”, ақ батасымен аяқталып жатады. Алайда, кей уақыттарда “жар-жар” айту салтын сұлтау етіп, өзінің бар ойын, қызға деген ыстық сезімін лапылдатып, жат елге, сүймеген адамына кету – ұлken бақытсыздық екенін, туған жер мен елдің ұзатылған қыз үшін қаншалықты ыстық болатынын, мәпелеп өсірген ата-ана, бетінен қақпай барлық назын көтере беретін аға-жеңге, құлын-тайдай тебісіп, жастық шақты бірге өткізген құрбы-құрдастардан еріксіз ажырап бара жатқанын айтып жылайтын ғашықтар да кездеседі. Мұндайда қалындық женгелері оған тоқтау айтып, айтысты доғаратын кездері де болады. Ел арасында жиі кездесетін айтыстың бұл түрін халық өте сүйіп тындаитын. Өйткені бұлар өмір шындығынан, тұрмыс ақиқатынан алынып, шынайы шертілген ғашықтар лебізі. Мұндай лебіздер де әзілмен әдіптеліп басталады да, соны сезімнің сергелдене ұласады:

Жігіт:

Жас күнімнен өлеңге қойдым қадам,  
Ескі досын ұмытар кейбір надан.  
Бір сөзім бар сақтаған айтайын деп,  
Болмағанда қасында бөтен адам.

Қыз:

Бір қамшым бар қолымда жез бауырлы,

Ілікпедім өсекке сөзді ауырлап.  
Өзің еске тұскенде беу, замандас,  
Жатамын да жылаймын жер бауырлап.  
Жігіт:  
Мына көлдің басында құстар отыр,  
Оны көріп қаршығам үшқалы отыр.  
Әшкере ғып айтпағын мұндай сөзді,  
Достарың аз қасында, дұшпан отыр [43].

Айтыс көбіне-көп ас-тойларда, ойын-сауықта өтеді. Ы. Алтынсарин «...Төңіректегі ауылдың барлық жастары ұзатылатын қыздың үйіне жиналып ойын-сауық жасайды, өлең айтады, домбыра тартады, ән салады, қыз бен жігіт айтысады: қыз жеңілсе жеңген жігітке орамал береді, жігіт жеңілсе қызға шапан кигізеді», – деп жазады [44, 181 б.]. Салт-санамызға әуелі сөз бәсекесі, өнер бәйгесі болып, содан соң тойдың көркі, ажары ретінде сіңіп кеткендіктен, қызық-қуаныштардағы айтыс өлеңдерінде әзіл-қалжың, ойын-оспақ мол болады. Сол себепті де қалындық мұнайып отырғанда жұбатумен, ақыл-өнегемен қатар, астарлы әзіл, көңілді базыналар мұнда молынан ұшырасады.

“Әужар” қыз ұзату тойында айтылатын өлең болғандықтан ұзатылар қалындықпен, оны еркелетіп өсіріп, балапандай баптаған аяулысын жатқа қия алмай отырған қыз төркінінде көңілін аулап, жұбатудың салмағы жігіттер мен бозбалалардың ұлесіне тиеді. Мұсылман баласы үшін ата-ананың қасиетті төрт парызы бар. Бұлар, ең алдымен азан шақырып ат қою, ұл болса сұннетке отырғызу, ілім-білім үйрету (медресеге бериу) және ең соңғысы аяқтандырып, отау қылып шығару. Жігіттер жағы қыз төркінін ата-аналық борышынды ақтадың, парызынан құтылдың деп жұбатады. Ал қалындықты жігіттер жағы алдағы күннің қызығын айтып жұбатады. Эйел тіршілігінде мағынасы, тұрмысының жарасымдылығы жанындағы бесікте, алдындағы нәрестеде. “Өксіп-өксіп жылайсың, әлдилеп бала сүйгенше”, – деп әйелдің адам баласының ұрпағын өсіретін қасиетті парызын есіне салады. Эйел – ана. Қасында жары болмаса, бауырында сәбиі болмаса әйел өмірі жарасымсыз, қызықсыз, мағынасыз. Жігіттер жағы осы мәселені басты кару етіп пайдаланады.

Және бір ескеретін ерекшелік “Әу-жар” айтысында ғана жігіттердің өлеңді де, ондағы әзілді де бірінші болып бастауы. Ал басқа жағдайда өтетін қыз бен жігіт айтыстарында уытты сөздің салмағы қыздар жағына көбірек тиесілі болатынын жасыра алмаймыз.

Жігіт:  
Айт дегенде айтайын той қылған қыз,  
Семіз бие тойына сойғызған қыз.  
Ұзатылу той қылып ұлкен қызық,  
Кетемін деп үйінен ой қылған қыз, –

деп жігіт бірден отқа май құйғысы келсе, қыздар кейде өрелі өлеңмен ата дәстүрін дәріптей сөйлейді:

Сөз таба алмай әріптес сасайын ба,  
Бұрынғының жолынан асайын ба,

Бұрынғының дәстүрі болғаннан соң,  
Елден аулақ жапанға қашайын ба.

Әужар айтысының өзгермейтін “трафарет” үлгісі болсын, кейінгі өзгерген түрі, жаңашаланған формасы болсын мұнда диалог, яғни, екі адамның жауаптасып сөйлесуі қатаң сақталады. “Айтыс” сөзінің түбірі “айт”, “сөйле” деген ұғымды білдірсе, айтыс сөзі сөйлес, даулас, жарыс, тартыс деген мағынада қолданылатыны белгілі.

«Қазір терминге айналған «айтыс» сөзінің мәні қайтсе де диалогке келіп тіреледі. Оған нұсқап тұрған – «ыс» жүрнағы. Диалогті қазақ тіл білімінде қазір «сөйлесім» деп жүр. «Айтыс» пен «сөйлесім», ортақ құбылыстары бола тұра, өзіндік сипаттарға ие екі түрлі нысан. «Сөйлесім» жалпы текстік мәнде қолданылып, айтысты да қамтыса, «айтыс» – сөйлесімнің халық поэзиясындағы өзгеше бір көрінісі» – дейді айтыстағы диалог мәселесі туралы ой қозғаған тілші-ғалым Ж. Жақыпов [45, 44 б.]. Бұл ретте бәдік өлеңдерден, өтірік өлеңдерден, арналы айтыстарға қарағанда «Әужарда» диалог айқын көрінеді. Себебі, арналы сүре айтыстарында көбіне ақынның ішкі ой толғамдары мен көріп-білген пайымдаулары ұзак сонар толғау немесе монолог ретінде берілуі мүмкін. Ал қарсыласы сол толғауда айтылған ойдың қапы кеткен жерін тауып, әріптесін сүріндіруге талпынады. Әужар түре айтыс түріне жататындықтан мұнда лезде сөзге жауап беру, ұтымды уәж айту басты назарда болады. Жеке монологтан гөрі іліп-шалу, қысқа қайыру негізгі мақсатқа айналады.

Жігіт ұзатылып бара жатқан қалындыққа қолы жетпегеніне өкініш білдіре отырып, кейде әзіл сөздің арнасын астарлап басқа бағытқа бұрып әкетеді. Бұл әрине, тыңдаушы көпшіліктің де көңілінен шығып ду еткізер тапқыр сөз болуы тиіс.

Жігіт:

Жердің сәні болмайды ел кеткен соң,  
Елдің сәні болмайды сен кеткен соң.  
Кетерінде сіңліңе тапсырып кет,  
Өгейсітіп жүрмесін ержеткен соң.

Қыз:

Боз қазанат дегенде, боз қазанат,  
Құдай қосса сіңлім де болды азамат.  
Кетерімде сіңліме тапсырайын  
Жігіт болсаң жол тауып кел бір замат.

Белгілі ғалым Т. Қожакеев казақ сатиrasesы мен юморының даму тенденциялары туралы айта келе: “Жар-жарда” әзіл-оспақ, қалжың жігіттер жағының өлеңінде ғана болады. Олар кететін боп, мұнланып, қайғыланып отырған қыздың көңілін көтеріп, жұбату үшін жеңіл, көңілді, әзілді өлеңдер айтуы тиісті. Ал қыздар жағының өлеңінде реніш-күйініш, сын-мін жатады. ... Тіпті қызды малға сатуға, жатқа байлап беруге жол ашып қойған сол қоғамға, сол ортаға деген наразылық бар, замана, дәуірге деген қарғыс лағнат үн естіледі”, – деп ой түйеді [33, 198 б.].

Шындығында мұнданып отырған қыздың халіне жігіттер “атасы басқа” жау женгесін кінәлап, бір тиісіп шалып өтсе, енді бірде қайынағадан өз ағасын артық көрген қыз баланың шамына тиіп:

Қайындарың ініңен болады артық,  
Ертең ағаң қалады үйде жатып.  
Әке-шеше, аға-іні кімге жолдас,  
Жібереді жылатып малға сатып, –

деп ағаларының, әке-шешенің дүние құмарлығын әшкелейді. Тұystардың мейірімсіз тас жүректігін түйреп өтеді. Қыз байғұстың мал бергеннің етегінен ұстап, амалсыз жетегінде кете беретін мүшкіл халін сынап кетеді. Сені сатқан өз әкен, өз бауырларың, ал сен оларды қайын жүртүнан артық көріп мақтап, қия алмай отырсың деп тілдің бізін сұғып алады. Бірақ бұл пікірінен айтыс соңына қарай айнып, артық кеткен жерлерін жуып-шаяды. Барған жеріңе «балдай батып, судай сің» деген ниетін, «бағың жанып, алдыңнан жарылқасын», «ақ отауың құтты болсын» деген тілегін айтады.

“Жар-жар” айтысындағы жігіттер жағының міндеті де сол. Тағдыр-талайына наразы болып, ашу-ызасын білдірген, ата-анаға үлкен өкпесін айтып, дүниекорлығы мен мейірімсіздігін сынаған қалыңдықты сабасына түсіру. “Өкпелеме, қарындас ашуланба, ойнап күлген жақсы ғой ашудан да” деп қыздың көнілін көтеру, көпшіліктің ойын-сауығын, думан-тамашасын қыздыру болып табылады.

Қазіргі тойларда шырқалып айтылатын “жар-жар” – айтыс өлеңі емес, жаңа заманға лайықтаған ән. Сөзін жазған ақын – Әбдірахман Асылбеков. Әні халықтікі болғасын әр жол сайын жар-жар сөзі қайталанып келіп отырады. Себебі, екінші жартысын, өмірлік серігін тауып, он аяғымен босаға аттағалы отырған қыз балаға “Жар” деген қасиетті ұғымды түсіндіру, оның алдыңдағы міндет-парызын ұғындыру шарт. Сол себепті жар сөзін әрбір жол, әрбір тіркес, әр шумақ сайын қайталап айтып, санаға сіңіру көзделген.

Жар – сөзінің мағынасы алуан түрлі. Жар – екінші бөлігі, жартысы, бүтіннің бөлшегі деген мағынамен қатар, сүйеу, пана, тірек, қолдаушы, жебеуші деген мағынаны да білдіреді. “Алла жар болсын” деген батаның “Тәңір жарылқасын” деген алғыстың осы екінші мақсатта, жасаған ие өзі қолдасын деген мәнде айтылатыны даусыз.

М. Әуезов өз еңбегінде “жар-жар” айтысы туралы мынадай тұжырымдама жасап, атаудың түпкі мағынасын анықтап көрсетеді. “Әйел құлағына енді жалғыз емес, екінші адаммен қосақталғанын білдіру керек. Соңдықтан жүзге ауыр тимейтін “жар” деген сөзben, әнмен жаңа өмірге келгендігін ескертеді. Соны құлағына сіңіру үшін, соған көндіру үшін қайта-қайта “Жар” атын атайды” [4, 58 б.].

Жар деген сөз бетке жылы тиғенмен, қылышты, қызғалдақтай қыз дәуренмен қоштасу кез-келген қалыңдыққа оңай емес. Соңдай-ақ ол әлпештеген ата-анаға, бірге өскен бауырларға да, тай-құлындаі тебісіп өскен құрбы-құрдас, дос-жаранға да ауыр.

Тұйғыным қолымдағы ұшады деп,  
Ата-анаң ұзатарда іші күйген.

Басыңа ноқта түскен асау тайдай,  
Көндің бе тағдырыңа бел байланып? –

деген сияқты астарлы сөзін көркем тілмен зерлеген жігіттер жағы қыздардың жанын күйдіріп, жарасын тырнап сөйлейді. Әлпештеп өсірген ата-ананың ұзатарда қимастықпен іші күйгенін, алайда тағдыр маңдайға жазған соң олар да ата-баба жолынан аттай алмағанын ескертеді. Алайда, асау тайдай бұландаپ өскен сұлудың да күні келгенде, уақыты жеткенде басына ноқта түсетінін, міндет пен борышы көбейіп, келін атанатынын көркем тілмен кестелейді. Кешегі Ақан серінің де «Бұландаап асау тайдай жүрген басың, Боларсың қандай жанға жар, Қадиша» – деп Балқадишаға ән арнауы қыздан бұрын өз ішінің күйінішін білдірсе керек.

Қалыңдық жағы назалы көңілін, қимас сезімін, өкініш-ренішін өткір әжуә арқылы береді. Тіпті, барғалы отырған ерінің, елінің кемшілігі болса да, оны жасқанбай айтып салудан тайынбайды. Өз ата-анасына, туыстарына, ескі салтқа деген наразылығы:

Ата-ананың қызы десе мейірі қатты,  
Жалғыз қызды жылатып малға сатты.  
Өз теңіме өзім-ақ кетемін ғой,  
Қатыны өлген қақbastы қайдан тапты, –

деген сияқты өлең жолдарынан анық байқалады. Ашумен айтылған бұл жолдардағы аңыз кекесін, ауыр мысқылды жуып-шаю жігіттердің шешендігіне байланысты. Сондықтан көп айтысып әбден ысылған жігіттер аталы сөз айтып, қызыл тілдің құдіреті арқылы назалы қызы баланы райынан қайтарады, көз жасын тыйдырады:

Мен болсам бұрынғының жолын айтып,  
Қайғысын талай қыздың қойдырғанмын.

Жігіттер жағы қалыңдық тобының мұңын түсіне отырып, әдейі әзілдегенімен салт бойынша қызы балаға үлкен сапар алдында ақ тілеулі баталы сөз арнауды әсте естен шығармайды:

Екі жасты бақытты ете көр деп,  
Біздер бата берейік сұрағасын.

Екі ауылды өзіңе ортақ сана,  
Жолың болсын, артыңа жалтақтама.  
Балдай батып, судай сің барған жерге,  
Топырласын төрінде бір топ бала, –

деген бата тілекten кейін, тойға жиналған көпшілік «әумин!» деп, разы болысып, өлең айтып көп көңілін көтерген, әрі бұрынғының жолын аттамаған өлеңші, айтыскерлерге де жол-жоралғысын жасап, батасын да аямаған. «Екі ауылды ортақ сана», «Артыңа жалтақтама», «Балдай батып, судай сің» деген сөздер тілек қана емес, бүкіл халықтың таным-түйсігін танытатын ұлағатты, өсиет сөз. «Астың дәмін келтірген тұз әулие, Екі елді туыс қылған қызы әулие» деп бағалаған халықтың қазіргі қалыңдыққа, ертеңгі жас келінге, болашақ анаға